

## ІРО ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ АКЦИЯЛАРДАН ҚАЛАЙ ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ?



3



ТОЛАҒАЙ

6

## САПАРЛАРДЫ БАСҚАРУ – ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕТІГІ



7



# Embi ТЫНЫСЫ

№19 (103)  
ҚАРАША  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

### БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



## ҚАУІПСІЗДІК КӨШБАСШЫЛАРЫ

«Embi Munaigas» АҚ-да басты құндылықтары адам өмірінің қауіпсіздігі, туған жер мен компанияға ұқыпты қарау болып саналады. Компаниямызда еңбекті қорғау саласында қызметтерді ынталандыру үшін жұмыстарды жақсы дәрежеде ұйымдастыру, цехтар және негізгі және қосалқы өндіріс учаскелері арасында өндіріс эстетикасын арттыру мақсатында бірқатар шаралар қолға алынып келеді. Соның бір айғағы – ЕМГ-нің барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде еңбек, өнеркәсіп қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, электр, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша байқау-конкурсы өтеді.

Биыл да сол үрдіс жалғасын тауып, өткен аптада компания 2021 жылдың жеңімпаздарын анықтаған болатын.

(Толығырақ 4-бетте)



## Үндеу

**Құрметті әріптестер!**

2022 жылдың соңына дейін еліміздің мұнай-газ саласы мен жалпы Қазақстан экономикасы үшін маңызды оқиға – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының IPO-ға шығуы жоспарланған.

Мемлекеттік активтердің бір бөлігін бәсекелі ортаға беру жөніндегі қадамдарын Үкімет Қазақстан экономикасының түрлі салаларындағы ұлттық компанияларды IPO-ға шығару арқылы жүзеге асырады. Осы мақсатта біз өз акцияларымызды алғаш рет жария ұсынуды (IPO) жоспарлап отырмыз.

Саланың болашағын ескерер болсақ, бұл ұсыныс өте тиімді болмақ. Биыл Қазақстандағы ҚМГ мұнай өңдеу зауыттары рекордтық көлем – 17 млн тонна мұнай өңдейді. Компанияның дәлелді қорлары (1P) 16,5 жылға жетеді. Бұл әлемдегі ең ірі мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен 11 жылдай артық. Сол себепті, болашақ инвесторлардың алдағы «ҚазМұнайГаз» IPO-сына деген қызығушылығы жоғары болып отыр.

**ҚАЗМҰНАЙГАЗ IPO-СЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТТАРЫ**

Бір жай акцияның бағасы  
**8 406 теңге**



Инвесторлардан өтінім қабылдау  
**2022 жылдың 9 қарашасы басталды**



**ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ МЕЖЕСІ:**

Институционалдық инвесторлар үшін  
**2022 жылғы 30 қараша**

Жеке инвесторлар үшін  
**2022 жылғы 2 желтоқсан**



«Самұрық-Қазына» АҚ өзіне тиесілі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының 551 698 745 жай акцияларының **30 505 974-ін** немесе **5%-ға** дейінгі мөлшерін сатуды жоспарлап отыр

ҚазМұнайГаз бен Самұрық-Қазына өкілдері **9 қарашадан** бастап, ел аймақтарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді



«ҚазМұнайГаз» – бүгінде мұнай-газ саласындағы және тұтастай алғанда Қазақстан нарығындағы мұнай және газ конденсатын өндіруде 25%, тасымалдауда 56% және мұнай өңдеуде 82% үлесі бар ірі компаниялардың бірі.

Мұның бәрі бізге әртараптандырылған өндірістік активтер, қомақты инвестиция және қаржылық тәртіптің арқасында тұрақты ақша ағымын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2016 жылдан бері компания жиынтықты 540 млрд теңгеден астам дивиденд төледі.

Енді біздің алдымызда ҚР азаматтары арасынан шығатын болашақ акционерлердің сенімін ақтау міндеті тұр. Осылайша, IPO-ға шығу – ел алдында абыройға ие болу үшін компанияға жүктелетін қосымша жауапкершілік.

Осы тұрғыда «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ 2031 жылға дейін алға қойған төрт стратегиялық мақсатқа ерекше назар аударады.

**Бірінші:** біз компанияның өсуі үшін жеткілікті ресурстық базаны қамтамасыз ету, оның ішінде мұнай қорларының өсуіне инвестиция салуды көздейміз.

**Екіншіден:** біз компанияның құн тізбегінің тиімділігін одан әрі арттыру үшін жұмыс істейтін боламыз.

**Үшіншіден:** бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту жалғасады. Компания қазірдің өзінде мұнай-газ химиясы саласына инвестиция салуда. Атап айтқанда полипропилен өндіретін зауыт, ал болашақта мұнай мен газдан полиэтилен, бутадиен және басқа да өнімдер шығаратын кәсіпорындар салмақ.

**Төртіншіден:** біз тұрақты дамуды және атмосфераға парник газдарын шығаруды біртіндеп азайтуды қамтамасыз етуге күш саламыз.

Біздің ойымызша, аталған стратегия компанияның ұзақ мерзімді табысының, ақша ағымы мен акциялар құнының артуына сеп болады.

Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,  
«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы

**Президент сапары****МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Атырау облысындағы жұмыс сапарын жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысқаны үшін бір топ қызметкерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ Өндірістік жедел басқару департаментінің көлік жөніндегі инженері Азамат Қилыбаев, көлік жүргізушілер – Нұрболат Дәулетов, Нұрлыбек Базаров, Мақсат Дәулетов, Талғат Шүйнішов, Ербол Қосмағамбетов бар.

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас технологиясы Марат Елеусінов марапат иелеріне Алғыс хаттарды табыс етіп, жауапты жұмысты абыроймен атқарған еңбектеріне алғысын білдірді.

**Ембі-100****АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ**

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай компанияда еңбек еткен ардагерлерге құрмет көрсету шаралары жалғасуда.**

Компания басшылығы «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысындағы филиалы ардагерлерін қабылдап, ведомстволық және мерейтойлық медальдармен марапаттады.

«Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен А.Қонысқалиев, С.Мырзашев және А.Көптілеуова марапатталды. Ардагерлерге марапаттарын аталмыш қоғамдық бірлестік филиалының директоры Максим Ізбасов табыстады.

Ал, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан ардагерлер – Д.Уапова, С.Төреханова, Н.Қрықбаева және А.Алмағамбетованы «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл мерекелік медалімен марапаттады.



Баспасөз конференциясы

# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ АҚ БАСШЫСЫ КОМПАНИЯНЫҢ IPO АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ АРНАЛҒАН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

Қарашаның 16-ы күні Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің және ҚМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Дәурен Қарабаевтың қатысуымен ҚМГ IPO-сына арналған баспасөз конференциясы өтті.

Шарада спикерлер компанияның тұрақты қаржы жағдайы мен жоғары өндірістік көрсеткіштері туралы ақпарат беріп, болашақта компанияның кірісін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік беретін перспективалы жобалар жөнінде баяндады.

«ҚазМұнайГаздың» мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2021 жылы 21,7 млн тоннаға жетті, көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 18,9 млн тоннаны құрады. Компанияның шоғырландырылған активтері 32 миллиард долларға тең, акционерлік капитал 2022 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша 19 миллиард доллардан асты. 2022 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, компанияның таза пайдасы 677 млрд теңге (1 504 млн АҚШ доллары) болды, ал бос ақша ағымы – 188 млрд теңге (417 млн АҚШ доллары)», - деді М.Мырзағалиев.

Ол «ҚазМұнайГаздың» тұрақты қаржылық көрсеткіштері төленген дивиденд көлемін 2016 жылдың қорытындысы бойынша 45 млрд теңгеден 2021 жылы 200 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бергенін атап өтті.

ҚМГ басшысы компания қоржынында әртараптандырылған (өндіру, тасымал және өңдеу) мұнай-газ активтері бар екенін де айтты.

ҚМГ басшысы компанияның отандық жеке инвесторлардың инвестициялық портфелінде лайықты орын алатынына сенім білдірді.

«IPO-ға шыққан сәттен бастап, біз үшін менеджмент ретінде және компаниямыз үшін дамудың жаңа кезеңі басталады. IPO арқылы барлық қазақстандықтың «ҚазМұнайГаз» акцияларын сатып алуға мүмкіндік алуын көздейміз. Және компаниямыздың инвесторлар үшін тартымды болуына, олардың инвестициялық портфелінде лайықты орын алуға бар күш-жігерімізді саламыз», - деп атап өтті М.Мырзағалиев.

2022 жылдың 7 қарашасында «Самұрық-Қазына» АҚ алғашқы жария ұсынысын жүзеге асыру ниеті туралы мәлімдеді. Оның аясында Қор «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының 30 505 974 акциясын сатуға ұсынуға ниетті, бұл жалпы орналастырылған акция санының 5%-ын құрайды.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НЕМЕСЕ ДЕПОЗИТ: АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

	БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (АКЦИЯЛАР)	ДЕПОЗИТ
01	<b>ЖИНАҚТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ</b>	Депозит иесі орналастыру мерзімін нақты біледі және келісілген пайыздық мөлшерлемеге сәйкес кепілді кіріс алады.
02	<b>ҚАРАЖАТТЫҢ САҚТАЛУЫНА КЕПІЛДІК</b>	Жеке тұлғалардың депозит салымдарының белгіленген талаптары бойынша, сондай-ақ салымдарға кепілдік берудің ең жоғары сомасы шегінде ҚДКБҚ кепілдік береді.
03	<b>ТАБЫС ТАБУДЫҢ ЖОЛДАРЫ</b>	Депозитке салым салу тек сыйақы мөлшерлемесіне сәйкес сыйақыны қамтиды.

## АЛАЯҚТАРДЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН МЫНАНЫ БІЛІҢІЗ:

- |    |  |    |  |
|----|--|----|--|
| 01 | Бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды тек лицензиясы бар брокерлік компания жүзеге асыра алады.    | 03 | Агенттік сондай-ақ теріс ниеттегі қызмет белгілері бар ұйымдар мен тұлғалардың тізімін жариялап отырады. |
| 02 | Брокерде лицензияның бар-жоғын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтында тексеруге болады. | 04 | Адал брокер инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді.  |

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» СЕНІМДІ АҚПАРАТ ТЕК РЕСМИ САЙТТА [WWW.KMG.KZ](http://WWW.KMG.KZ), СОНДАЙ-АҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ РЕСМИ АККАУНТАРЫНДА ЖАРИЯЛАНАТЫНЫН МӘЛІМДЕЙДІ.

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» IPO-СЫ. КОМПАНИЯМЕН БІРГЕ БОЛ!**

## Пайдалы ақпарат

# IPO ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ АКЦИЯЛАРДАН ҚАЛАЙ ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ?

## IPO ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

IPO (Initial Public Offering) – Заңмен реттелетін азаматтық нарықтағы компанияның капиталын бірінші рет нарыққа ұсынуы. Бұл бірінші рет нарыққа ұсыну процесі.

3-ші КЕЗЕҢ IPO АЛДЫНДА	2-ші КЕЗЕҢ IPO	1-ші КЕЗЕҢ IPO-ДАН KEЙІН
01. Компанияға пәсілдер, тауарлар, қызметтер және инвестициялық, тарихты көрсету.	01. Инвестициялар, жарна, орналастыру иесі туралы мәлімет.	01. Сауда-саттамалық операцияларды тек лицензиясы бар брокерлік компания жүзеге асыра алады.
02. Инвестициялық компанияның инвестициялық, тарихты көрсету.	02. Инвестициялар, жарна, орналастыру иесі туралы мәлімет.	02. Инвестициялар, жарна, орналастыру иесі туралы мәлімет.
03. Компания құрылымын анықтау.	03. Инвестициялар, жарна, орналастыру иесі туралы мәлімет.	03. Инвестициялар, жарна, орналастыру иесі туралы мәлімет.

Бағалы қағаздарды, оның ішінде акцияларды сатып алу – сату жұмыстары бағалы қағаздар нарығы – қор биржасында өтеді. Әдетте бұл өз ережелері орнатылған арнайы сауда алаңы болады. Қор нарығында айналымдағы бағалы қағаздарды сатып алуға болады. Дегенмен, кейде биржада көптеген инвесторларға акциялары алғаш рет ұсынылатын компаниялар да кездеседі. Мұндай бастапқы ұсыныс IPO (Initial Public Offering) деп аталады. Бұл – меншік иесі немесе компанияның өзі акцияларды биржаға шығару арқылы алғаш рет инвестор тартып тұр дегенді білдіреді. Инвесторлар бағалы қағаздар үлесінің осы түрін сатып ала отырып, осы компанияға үлестес болады.

IPO алдында бағалау жүргізіледі, оның негізінде бір акция құны белгіленеді. Бастапқы шығарылған акцияларды сатып алуға деген негізгі қызығушылық осыдан оянады. Өйткені, IPO-дан кейін акциялардың бағасы сыртқы факторлар, сондай-ақ, сұраныс пен ұсыныс әсерінен өзгертін болады. Яғни, акция сатып алғысы келетіндер неғұрлым көп болса, баға соғұрлым көтеріле береді.

Қор нарығындағы мәміле биржаның сауда мүшесі (брокер) арқылы қаржы құралын сатып алуға немесе сатуға бұйрық беру арқылы жасалады. Егер екі жақтың өтінімі (сатып алуға және сатуға) бір-бірінің шарттарына сай келсе – мәміле жасалады.

Бағалы қағаздарды биржада сатып алу немесе сату тек лицензиясы бар брокерлік компания арқылы жүзеге асады. Брокердің қызметтеріне

IPO барысында «ҚазМұнайГаз» акцияларына жазылу кезінде дұрыс инвестиция салып, акциядан қалай табыс табуға болатынын түсіндірейік.

жасалған шарттың талаптары бойынша инвестордың өзі төлейді. Алаяқтарға ұрынып қалмау үшін, ең алдымен, компания деректерін лицензиясы бар брокерлер тізімімен салыстыру қажет. Қазақстанда екі қор биржасы жұмыс істейді. Олар: Қазақстан қор биржасы (KASE) және «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасы – AIX. Ал, лицензиясы бар брокерлердің тізімін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтында таба аласыз.

Инвестиция салу құралын таңдау кезде ісін жаңа бастаған инвестор назар аударатын критерийлердің бірі – кірістілік болуы. Өйткені, бағалы қағаздарды сатып алудың негізгі мақсаты – салымын арттыру. Акциялар бойынша кірісті екі санатқа бөлуге болады: акцияларды сату кезінде пайда болатын құн өсімі және акционерлерге төленетін дивиденд.

Бірінші жағдайда, қор нарығындағы бағалы қағаз құнының өсуі бірқатар факторларға байланады. Олар: қаржылық көрсеткіштер, компанияның даму перспективалары, экономикалық жағдай және т.б. Яғни, кірістің бұл түрі акциялар бағасының қымбаттаған кезде сатылуынан келеді.

Екіншіден, табыс алу мүмкіндігі дивиденд саясатында белгіленеді. Мұнда да дивиденд тұрақты түрде төленбеуі мүмкін екенін түсіну маңызды.

Акцияларды дұрыс басқару үшін арнайы кітаптарды оқып, нарықтағы тәжірибелі сарапшылармен кеңесіп, нарықтағы жағдайды бақылап отыру қажет. Сондай-ақ, арнайы курсқа жазылуға да болады. Акциялар бағамы туралы күнделікті ақпарат, эмитенттер жайлы, макроэкономикалық жаңалықтар, әлемдік қаржы және шикізат нарықтарындағы үрдістер қор нарығында әрі қарай әрекет ету үшін шешім қабылдауда пайдалы болмақ. Қажет болған жағдайда нарықтағы барлық тенденцияларды бақылайтын және нарық пен эмитент-компаниялар бойынша арнайы шолу жасап отыратын кәсіби талдаушылары бар брокерлік компаниядан кеңес алуға болады.

**Тәжірибесі жоқ инвестордың алғашқы қадамы қандай болуы керек?**

► Бағалы қағаздарға салайын деп отырған соманы анықтап алыңыз. Бұл ақша қаржылай қажеттіліктеріңіз бен міндеттемелеріңізге нұқсан келтірмейтіндей болуы керек және басқа шаруаларыңыз үшін қажет болып қалмайтындай мерзімді белгілеңіз.

► Қор нарығындағы операциялардың кірісті болатынына кепілдік жоқ. Оған дайын болыңыз (тіпті ең қиыны – салған инвестицияңыздан толық айырылып қалу мүмкіндігін де ескеріңіз).

► Инвестициялық шешімдер қабылдауға қажет нарық ақпараттарын зерттеуге уақытыңыздың бір бөлігін арнауға дайын болыңыз.

Мұнымен қатар, бұл салаға енді келген инвестор алаяқтардан сақ болуы керек. Олар алдағы IPO-ға деген халықтың жоғары қызығушылығын пайдаланып, акция сатып алып, жылдам байып кетуге уәде беріп, инвесторларды тақырға отырғызып кетуі мүмкін. Егер брокер кез келген жағдайда кіріс алатыныңызға кепілдік берсе, демек алдыңызда алаяқ.

«Munaily teken» корпоративті газеті



**«ҚазМұнайГаз» IPO-сы КОМПАНИЯМЕН БІРГЕ БОЛ!**



**ҚМГ БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ БОЙЫНША CALL-ОРТАЛЫҚ**

**8 (800) 004 03 15**



[ipo@kmg.kz](mailto:ipo@kmg.kz)

Күнделікті сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін. ДЕМАЛЫССЫЗ

Қалалық және мобильді нөмірлерден **ТЕГІН** қоңырау шалу





## ҚАУІПСІЗДІК КӨШБАСШЫЛАРЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да басты құндылықтары адам өмірінің қауіпсіздігі, туған жер мен компанияға ұқыпты қарау болып саналады. Компаниямызда еңбекті қорғау саласында қызметтерді ынталандыру мақсатында жұмыстарды жақсы дәрежеде ұйымдастыруға, цехтар және негізгі және қосалқы өндіріс учаскелері арасында өндіріс эстетикасын арттыру мақсатында бірқатар шаралар қолға алынып келеді. Соның бір айғағы – ЕМГ-нің барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіп қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, электр, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша байқау-конкурсы өтеді. Биыл да сол үрдіс жалғасын тауып, өткен аптада компания 2021 жылдың жеңімпаздарын анықтаған болатын.

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ өз сөзінде әрбір жұмысшыны үйінде күтіп отырған отбасы, жұбайы мен балалары бар екендігін, сондықтан, олардың кәсіпорынның қауіпсіздігі мен денсаулығына баса мән беретіндігін, әрбір қызметкердің жұмыстан үйіне аман оралуы негізгі қағида екендігін баса айтты. Осы мақсатта жоспарланған кешенді шараларды жүзеге асыруға атсалысып жатқан ембіліктерге ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар, жазатайым оқиғасыз ең ұзақ кезеңге қолжеткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы ұжымына ауыспалы кубокты табыс етті.



### 2021 жылғы қорытындысына сай «Оқиғасыз күндер» номинациясы бойынша жүлдегерлер:

**I орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы** (еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау тобының жетекшісі Руслан КАМИЕВ)  
Оқиғасыз күндер саны - **2305** күн.

**II орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ** (еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздік бөлімінің бастығы Манас Рахметолла)  
Оқиғасыз күндер саны – **2006** күн.

**III орын – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы** (еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының жетекшісі Аманжан АЙДАРБАЕВ)  
Оқиғасыз күндер саны – **1058** күн.

### «Техника қауіпсіздігі бойынша үздік инженер» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының инженері Нұржан МҰХАМБЕТОВ;

### «Үздік учаске, база» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтаждау бөлімінің бастығы Жақсылық АМАНОВ;

### «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспектор» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Құлсары» аудандық электр торабының электржабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету электр монтері Құрақ ЖҰМАНОВ;

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Уаз, Кенбай кен орнының мұнай-газ өндіру учаскесінің мұнай және газ өндіру операторы Ерлан ТӘЖІҒҰЛОВ;

### «Арнайы техниканың үздік жүргізушісі» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнайы техника және автокөлік колоннасының жүргізушісі Нұрман ТЕМІРОВ;

### «Үздік наряд-рұқсат» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торап бөлімшесінің шебері Әділбек АБЛЯЛИЕВ;

### «Қоршаған ортаны қорғаудың үздік инженері» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының, қоршаған ортаны қорғау бойынша инженері Гүлбақыт ДӘУЛЕНБАЕВА;

### «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі үздік инженер» номинациясы бойынша жеңімпаздар:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның 2-категориялы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері Бекболат ЕГІЗБАЙ;

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының 1 категориялы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Айболат ТІЛЕУБЕРГЕНОВ;

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздік бөлімінің еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігі жөніндегі инженері Қазбек МҰСАНОВ;

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері Қоблан ҚАЛИМОВ;

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы аға инженері Жандарбек ЕРМҰХАНОВ;

- «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің 1 категориялы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Жанбақыт ДӘУІТОВ;

### «Ұңғымаларды жерасты жөндеуші үздік бригада» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның №1 бригадасы;

### «Үздік цех» номинациясы бойынша жеңімпаз:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кен орны мұнай және газ өндіру цехы;

### «Үздік учаске» номинациясы бойынша жеңімпаздар:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның өндірісті прокаттау және жабдықтау бөлімшесінің бастығы Кайрат ДӘУЛЕТБАЕВ;

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының қойма шаруашылығының бөлім бастығы Аманжол ТАХАНОВ;

### «Үздік арнайы техника жүргізушісі» номинациясы бойынша жеңімпаздар:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның моторисі Қажымұрат МЫСЫҒАЛИЕВ;

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арнайы техника жүргізушісі Сүлеймен ҚАРЖАУОВ;

### «Үздік рұқсат-жүктелім» жүргізу номинациясы бойынша жеңімпаздар:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның мұнай айдауды дайындау цехының бастығы Еркін ӘБДЕШ;

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы өндірістік қызмет көрсету учаскесінің шебері Әлібек САРБАСОВ;

### «Үздік инженер-эколог» номинациясы бойынша жеңімпаздар:

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері Санақұл ӨТЕГЕНОВ;

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері Анар ҚҰЛБАТЫРОВА;

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің аға инженері Эльмира САЙМАСАЕВА;

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер Асқар ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ;

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері Лаура ТҰРСЫНБАЕВА;

- «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 1 санатты инженері Әсел КАЛИБЕКОВА.





## АДАМ ӨМІРІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ – АЛДЫҢҒЫ КЕЗЕКТЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫНЫҢ КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫ ОСЫ БОЛДЫ

**«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен орнында орналасқан Солтүстік мұнай дайындау учаскесінде «Шартты өрт жағдайында медициналық көмек деңгейлері» тақырыбында медициналық оқу-жаттығу шарасы өтті.**

Технологиялық қондырғылар операторы Ерлан Бөлекбаев аталған учаскесінің №1 қыздыру пешінен қара түтін шығып жатырғанын учаске шеберіне хабарлап, операторлар бөлмесінен пештің жұмысын тоқтату жөнінде тапсырма алады. Кейін операторды күйік алып, тағы бір жұмысшы есінен танып құлады.

Оқиға орнына өрт сөндіру қызметі келіп, пештен шыққан өртті сөндіру жұмыстарына кірісіп кетті. Сонымен қатар, медициналық көмек қызметі келіп, жарақаттанушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді жедел бастап кетті. Кейін аудандық жедел жәрдем мамандары шақырылып, жарақаттанушы оператор аудандық ауруханаға жеткізілді.

Компанияның бекітілген ережелеріне сәйкес оқиғаның орын алуы жауапты мамандарға хабарланып, өрт дер кезінде сөндірілді.

Айта кетейік, өндірісті жедел басқару қызметі, медициналық қызмет, өрт сөндіруші командасы, барлық жаттығуға қатысушылар рация арқылы жаттығу аяқталғаны жөнінде ақпарат алды.

Өрттің шығу, жарақаттану себептерін анықтау, тиісті құжаттар толтырылуы жаттығу аяқталған соң, тиісті жауапты адамдармен атқарылатыны, жаттығу кезіндегі мұнай қыздыру пеші аумағының ластанған жерлерін тазалап, қалыпқа келтіру жұмыстары арнайы бригадалармен орындалатыны хабарланды.

- Өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алғашқы көмекті дер кезінде дұрыс көрсету мақсатында осындай шаралар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының бекіткен кестесіне сәйкес жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Соңғы жылдары пандемияның салдарынан бұл үрдістен қол үзіп қалдық. Дегенмен, қызметкерлеріміз өз бабында екенін аңғартты, - дейді **«Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті жедел басқару департаментінің директоры Мәлік ЖЫЛҚЫШИЕВ.**

Жаттығу жұмыстарына бақылауға «ҚазТрансОйл» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚРІ» ЖШС, «Семсер өрт сөндіруші» ЖШС және тағы басқа мекемелерден бақылаушылар арнайы қатысып, шараның ұйымдастырылу, алғашқы көмек көрсету деңгейіне оң бағасын берді.

- Оқу-жаттығу жиындары апаттық жағдайға дайындықты пысықтау, кемшіліктерді анықтауға септігін тигізеді. Бүгінгі шарада жұмысшылар «қауіпсіздік – басты мақсат» деген қағидамен адам өмірін сақтап қалу, өртті ауыздықтау, таралуына жол бермеу мақсатында кешенді жұмыстарды қатар атқара білді. 16 минутқа созылған кешенді жұмыс нәтижесінде көздеген мақсатқа жеттік, - дейді **жедел штаб бастығы, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас инженері Азамат МАҢҒЫБАЕВ.**

## КӘСІБИЛІКТІ ШЫҢДАУҒА – ОҢ ҚАДАМ

«Ембімұнайгаз» АҚ-мен тығыз байланыс орнатып, қызмет етудеміз. Жұмысшылардың қауіпсіздігіне үнемі баса назар аударылады. Осы орайда, оқу-жаттығу жиындарын өткізу игі дәстүрге айналып отыр.

Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен орнындағы оқу-жаттығу полигонында медициналық көмек көрсету деңгейі бойынша ұйымдастырылған шара жоғары дәрежеде өтті.

Әр жауапты маман өз орнынан уақытыл табылып, бекітілген ережелерге сай кәсіби біліктіліктерін көрсете білді. Мұндай шаралар – білім мен біліктілікті, кәсіби дағдыны шыңдауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, жазатайым оқиғалар, апатты жағдайлар орын алмай, тек осындай оқу-жаттығу форматында ғана өтсін деген тілегіміз бар.

Гүлбану КЕНЖЕФАЛИЕВА,  
«Медикер-ПМ» ЖШС «Ембімұнайгаз» АҚ  
жобасының жетекшісі







Жоғары оқу орнын бітіріп, мұнайшы инженер дипломымен елге оралған сәтіміз Еділ - Жайық қос өзен аралығында қара алты кен табылып, бұрындары марғау кейіпте тып тыныш жатқан, негізінен төрт түлік мал өсірумен шұғылданатын Нарын өңірінде жаңа өндірістің енді-енді аяқтан тік тұра бастаған сәтіне дөп келді. Отыздың аржақ - бержағындағы өңкей жас мамандар бүгінде Салтанат Балғымбаев есімімен аталатын Мартыши кенішінде бас қостық. Көпшілігіміз бірімізді-бірімізді сонау Алматыдағы атақты политехнституттың қабырғасынан, студенттік шақтан танитындармыз. Солардың бірі – Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев болғандығын бүгінгі оның тұстастары, жұмыстастары мақтанышпен еске алады.

# ТОЛАҒАЙ

## НҰРЛАН ӨТЕПҰЛЫНЫҢ

### 75 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ

Бір сәт өткенге ой жіберіп, сол бір жастық жігеріміз жасымаған күндерді еске алсақ, бүгінгі толқынға ұялмай өнеге етер тұстарымыз бар екендігіне риза боламын. Шындығында да, «Жайықмұнайгаз» басқармасы мұнайшы кадрларын шыңдау мектебі, бір сөзбен айтқанда, жас мамандар ұстаханасы болған екен-ау!.. Әріге бармай-ақ, жаңадан шаңырақ көтерген басқармада сол жылдары бастарымыз қосылған тұстастарымның кейбіреуін атап өтер болсам, жоғарыдағы сөзімнің куәсі болары ақиқат. Олар: Майданбек Нұрғалиев, Сатыбай Дүзбаев, Балтабек Құлбаев, Мақсат Қилыбаев, Юрий Балдуев, Виктор Сулягин, Феликс Ли, Баймұрат Ахметов, Болат Еламанов, Орынбай Жакиев, Оңайжан Райымберген, Бисенбай Табынбаев, Ардақ Қонысқалиев, Бағытжан Нұрғалиев және т.б.

Солардың қақ ортасында Нұрлан Балғымбаев ойып тұрып орын алатын. Нұрлан бұдан 40 жыл бұрын, 1978 жылы «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіріс басқармасына өндірістік қызмет ету базасы бастығының орынбасары болып жұмысқа орналасты. База бастығы ол кезде Серік Шоманов деген азамат болатын. Мен ол кезде орталық мұнайды жинау, дайындау және айдау цехының бастығы болып жұмыс жасайтынмын. Кейін, 1979 жылдың наурыз айынан бастап басқарманың өндірістік қызмет ету базасының бастығы қызметіне ауыстырылды. Жалпы «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіріс басқармасына 1972 жылы Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін «Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы мен кешенді механизациялау» мамандығы бойынша бітіріп шығып, сол жылы қазан айында «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің жолдамасымен алғашында мұнай өндіруші оператор болып жұмысқа орналасқанмын.

Әлі есімде, 1978 жылы Ровное кен алаңы өндірістік пайдалануға берілді. Оның мұнайды жеке құбыр арқылы Мартыши мұнай алаңындағы орталық мұнайды жинау, дайындау және айдау пунктіне құйылатын болды. Сол жылдары Қамысты, Ровное, Жанаталап кен алаңдарында қосымша жүргізілген бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде жаңадан өнім беретін қырыққа тарта ұңғыма өндіріске қосылды. Жайғастыру жұмыстарының жобаға сай жүруін бақылауға алып, ұйымдастыру, ұңғымалардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз ету басқарманың өндірістік қызмет ету базасы бастығының орынбасары ретінде Нұрлан Өтепұлына жүктелген болатын. Алайда, ұңғымаларды талапқа сай, мерзімінде іске қосу оңай шаруа емес еді. Теңіз табаны астының топырағы өте ащы, сортақты болып келгендіктен, сәл су тисе, мұнайшылар толарсақтан саз балшықты кешіп, техника біткен жер-жерде тоқтап тұралап қалатын кездер көп болады. Әсіресе, ұңғымалардың жерасты жабдықтарын жөндеу жұмыстарының жағдайы өте ауыр болды. Міне, біздер Нұрлан Өтепұлының сол жылдары жаңа ұңғымаларды жайғастыру жұмыстарының жобаға сай және сапалы жүруін бақылау, ұйымдастыру мен уақытында іске қосу жұмыстарында өз ісін жетік білетін жоғары дәрежелі маман және шебер ұйымдастырушы екеніне куә болдық. Нұрлан 7-8 айдан соң, 1979-1981 жылдар аралығында аталған басқарманың бас инженерлігіне тағайындалды. Бұл жылдарды қос өзен аралығындағы мұнай өндірісінің өзінің кемеліне келген шағы деп айтуға болады.

1980 жылы «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіріс басқармасы бойынша өнім өндірудің ең жоғарғы деңгейіне қол жеткізілді. 1 млн. 909 мың тонна «қара алтын» мөлшері өндіріліп, мемлекетке тапсырылды.

1981 жылы Қамысты кен алаңы бойынша отыз төрт, Жаңаталап кен алаңы бойынша жиырма ұңғы жаңадан бұрғыланып, өндіріске қосылды. Міне, жұмыс та жүріп, жоспар да орындалып жататын, адамдардың уақытпен санаспай еңбек еткен жылдары осы кезеңдер болатын. Міне, мұндай жетістіктерге жетуде бас инженер Н.Балғымбаевтың біліктілігі, алғырлығы үлкен рөл атқарды. Ол өндірістің проблемалы тұстарын дәл басып, уақыт алып жатпай, тез шешім қабылдай білетіндігімен ерекшеленетін. Сол жылдары басқарманың табыс биігінен көрінуінде оның еңбегі зор болғандығына куә болдық.

Нұрлан Өтепұлы қос өзен аралығында еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтағаннан кейін, біртіндеп мұнай өндірісі саласындағы басшылық қызметтерде жоғарылай берді. Кейіннен Нұрланмен КСРО мұнай өнеркәсібі министрлігінде жауапты жұмыс атқарып жүрген кезінде кездесіп қалдым. Ол мені бірден танып, құшақтасып амандасып жатыр. Бұны айтып отырғаным, сондай үлкен мансапта жұмыс жасаса да, өзінің кішіпейілділігі ғой деп ойлады. Қазақтың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген сөздері осындайдан қалған екен ғой деген ой келді.

Жақсының артында елге істеген ісі, үлгі етер өнегесі қалады. Соның куәсіндей, жергілікті халық - исатайлықтар Нұрланды жиі-жиі еске алады. «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының президенті, Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібі министрі, кейін Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы лауазымына дейін көтерілген азамат өзінің тікелей тапсырмасымен Исатай ауданы орталығынан мектеп құрылысына қаржы бөлген болатын. Еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне тарту етілген Аққыстау селосында бой көтерген 784 оқушыға арналған Абай есімімен аталатын осынау үш қатарлы ғимарат бүгінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде игі мақсатқа пайдаланылуда. Бұл – Нұрланның кезінде өзінің еңбек жолы басталған елге деген құрметі, ілтипаты деп түсінеміз.

Тағдыр ұзақ ғұмыр сүруді Нұрекеңнің пешенесіне жазбаған екен. Жетпіске жетпей жатып, бақиға аттанды. Пенде ретінде белгілі өндіріс жетекшісі, мұнай өндірісі саласындағы басшы қызметтерде, Қазақстан мұнай және газ өнеркәсібі министрі, «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының президенті, республика Үкіметінің басшысы болған ардақты азаматтың өмірінің қысқа болғанына өкінесің де. Алайда, абзал азаматтың кәсіби қам-қарекетін, қоғамдық қызметін ой елегінен өткізіп, сараласақ, бұл пікіріміздің жаңсақтығына көз жеткіземіз. Нұрекең, менің пайымдауымша, саналы ғұмырының әр жылында бірер азаматтың атқаратын ісін дөңгелетсе керек.

Белгілі жылыойлық ақын Аманқос Ершуов ертеректе жазған бір өлеңінде:

Біреуде қарт та болса шалалық бар,

Біреуде жас та болса даналық бар - деген еді. Сөз зергерінің көрегендігін Нұрекеңнің өмір жолының өзі-ақ дәлелдеп тұр емес пе?!

Ел мен жер - егіз ұғым, бірінсіз бірі жоқ. Әркім өзінің туған жерінде қадірлі. «Ерден аспақ бар, ал, елден аспақ жоқ» дейді халық даналығы. Сол айтқан, әрбір жұмыр басты пенде өзінің пешенесіне жазылған қамшының сабындай қысқа өмірінің ішінде елім деп еңіреп, жерім деп тау қопарып, тас қашаса, Толағай атанары хақ. Өзін-өзі ұлықтап, ел құрметіне бөленері сөзсіз. Сондықтан, елі мен Отаны үшін аянбай тер төгіп еңбек еткен азаматтардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында олардың есімдері көшелерге берілсе немесе ауданның (облыстың) Құрметті азаматы атақтарының берілуіне бүкіл ел ұрпақтары риза болары сөзсіз.

Сондай азаматтардың бірі, бірі емес - ау бірегейі - бүгінгі күндері тірі болса 75 жасқа толу мерейтойы атап өтілер Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев. Сондықтан, болашақта Нұрекеңнің есімінің ел жадында мәңгі сақталуы бағытында қандай деңгейде болмасын қомақты шаралар жүзеге асады деп үміттенеміз.

Бағыт СМАТУЛЛИН,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің төрағасы





«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты еншілес мекемелер – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation Company» ЖШС, «KMG-Security» ЖШС «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарында жүзеге асып жатқан «Сапарларды басқару» жобасы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында көшпелі іс-шара өтті. Көшпелі шараға қатысушы әріптестерге «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жобаны іске асыру бағытындағы жұмысы таныстырылды.



## «САПАРЛАРДЫ БАСҚАРУ» – ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕТІГІ



Айта кетейік, Бас компанияның цифрлық трансформация бағдарламасы аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2020 жылдан бері жүзеге асып жатқан «Сапарларды басқару» жобасы қызметкерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, автокөлік құралдарының қызмет ету мерзімінің ұлғайтуға, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындарының төмендетуге бағытталған.

Еншілес мекемелермен құралған топ, алдымен, Салтанат Балғымбаев кен орнындағы №1 мұнай-газ өндіру цехында болды. Мұнда **цех басшысының орынбасары Ерлан Тәжіғалиев** пен **цех шебері Айболат Сахатов** ТОО бағдарламасы арқылы қажетті техникаға сұраныс жіберу жолдарымен таныстырды.

Жүйеде жасақталған сұраныс өндірісті жедел басқару орталығындағы **көлік жөніндегі инженерге** түседі. **Ғаламат Қозбахов** электронды жүйе арқылы жол жүру қағазының дайындау жолдарын, оны гаражға жіберуді түсіндіріп көрсетті. Ал, **қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі инженер Алмас Жарылғасұлы** ИС УТО бағдарламасы арқылы көліктерді бақылау мүмкіндіктерін, нәтижесінде жүргізушілер тарапынан жылдамдықты асыру жағдайы едәуір төмендегенін, жол жүру қағидасын сақтау көрсеткіші



артқанын айтты. Яғни, аталған жүйе техникалардың жол жүру маршрутын толық бақылау мүмкіндігіне ие.

- Автокөлік бірліктеріне орнатылған датчиктер онлайн режимінде қызметтік автокөліктер мен арнайы техниканың жылдамдық режимін, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін пайдалануын, көлік жарықтарын қосуын, жылдамдықты күрт арттыру мен төмендетуін, сондай-ақ, геолокацияны көрсетеді. Осы деректердің барлығы Компанияда енгізілген CityPoint компьютерлік платформасында жинақталып, ЕМГ бас кеңсесіндегі Өндірістік процестерді бақылау орталығында арнайы мониторлардан тікелей көрсетіледі. - Жүйені енгізе отырып, біз бірқатар проблемалардың кешенді шешімдерін алуға қол жеткіздік. Алдымен, көлік құралдарының мониторингілеу саласында заманауи шешімдері бар жүйенің кең функционалдығын атап өткен жөн. Аталған жүйенің арқасында компания бірнеше платформаларды жабдықты ауыстырусыз бір-біріне біріктіруге мүмкіндік алды. Бұл жоба экономикалық тұрғыда тиімді. Өйткені, шығындардың алдын алуға септігін тигізеді, - дейді **ЕМГ өндірісті жедел басқару департаментінің көлік бөлімінің жетекшісі Мәлік ТӨРЕСАЕВ**.

Кейін арнаулы техника гаражында көлік диспетчері Гүлнар Әбілқасымова



жасақталған электронды жол жүру парақшаларын өңдеп тапсырмаларын сұранысқа сәйкес түсіндіріп жүргізушіні сапарға жіберді, УТО арқылы рәсімдеу айтарлықтай жеңілдетілді.

Осылайша, әр сұраныс бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Арнаулы техника және автокөлік керуенінің бастығы Айхан Сағынғалиевтің айтуынша, 1 күнде 45-46 арнаулы техника сұранысқа байланысты өндірісте әртүрлі қызмет көрсету үшін жолға шығады. Одан бөлік, жерасты жөндеу жұмыстары үшін жұмылдырылатын 15 техника бар.

Жобаның жүзеге асу жұмысымен танысуға келген сала мамандары жүргізушілердің жанар-жағар май шығындарының есептелуі, техникаларды жөндеуге қажетті жабдықтардың алынуы және т.б. бағытта сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

### Жанар-жағар май шығыны 2,5 есеге төмендеді

Жүргізушілер қауіпсіздігін арттыру Ұлттық компанияның басты құндылығы болып саналады. Негізінен, бұл жоба Ембіде 2012 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Жүргізушілердің жұмыстары оңай емес. Әр жүргізуші үйіне аман-есен оралуы мақсатында 2020 жылы Цифрландыру бағдарламасы аясында жаңа бағыттар белгіленді. Ең бастысы – жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бағдарламаны енгізу аясында Электронды жүйелер арқылы кешенді архитектура құрылды. Әрине, көптеген қиындықтар болды. Сондықтан, «ҚазМұнайГаз» тарапынан «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына алғыс айтамыз.

2 жыл аясында үлкен жұмыстар атқарылып, нақты тиімді көрсеткіштерге қол жеткізілді. Жағармай шығынын есептеу датчиктері арқылы 2012 және 2020 жылдарды салыстырғанда, жанар-жағар май шығыны 2,5 есеге азайды. Сонымен қатар, жылдамдық арттыру, көлік жарықтарын қоспау сынды жол ережелерін бұзу фактілерін алатын болсақ, бұл көрсеткіш соңғы 2 жылда 62%-ға төмендеді.

Бүгінгі таңда жобаны өзге еншілес және тәуелді мекемелерге тарату жұмыстары қолға алынуда. Бүгінгі сапарымыздың мақсаты да – осы: жобаның жүзеге асыру барысын, тиімділігін көрсету, таныстыру. Көптеген сұрақтарға жауап алынды деп есептейміз. Түсіп жатқан жаңа ұсыныстар да бар. Біз оларды ескеретін боламыз.

Ғалым ТӨЛЕУБАЙ,  
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ цифрландыру секторының бас маманы

### Жобаны кәсіпорнымызда тарату жоспарда бар

Атырауға келген мақсатымыз – Ембімұнайгазда жүзеге асып жатқан «Сапарларды басқару» жобасымен танысу болатын. «Өзенмұнайгаз» АҚ-да GPS-трекерлері орнатылған 1486 техника бар. Сонымен қатар, мердігер мекемелерде 832 техника жұмыс жасайды. Бекітілген келісім-шарттарға сай олардың қызметі серверлерімізде көрініп отыруы тиіс. Яғни, жылдамдықтың шектеуін, геоаймақтан ауытқымауын, берілген тапсырма бойынша нысанға нақты барғанын немесе бармағанын бақылаймыз.

Ал, Ембідегі жүйеде осыған қосымша көптеген функциялар енгендігіне көзіміз жетті. «Сапарларды басқару» жобасын енді ҚМГ қолдауымен Өзенмұнайгазға да өндіру жоспарымызда бар.

Жасалған жұмыстар экономикалық тұрғыдан, адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында да сапалы орындалған, өндірісте тиімді пайдалану жақтары тұтас қамтылған.

Болат БЕГЖАНОВ,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ  
көлік департаментінің директоры



### Заман талабына қарай өзгеру керек

Тәжірибе алмасу сапары арқылы GPS-трекерлері бақылау, басқару жұмыстарымен таныстық. Барлық еншілес мекемеге енгізу уақыт пен қаржыны талап етеді. Сондықтан, осы жобаның тиімділігі бойынша компания басшылығымен ақылдасу жұмыстарын жүргіземіз.

Бізде 500-ге жуық техника бар. Соның шамамен 400-іне GPS -трекерлері қондырылды. Жыл сайын мердігер мекемелер көліктерін де GPS -трекерлерімен қамту жөнінде талап қойылады. Олар арқылы біз көлік жылдамдығын, маршрутын және жанар-жағармай шығынын бақылаймыз. Ал, Ембідегі жобаның мүмкіндік аясы зор.

Мұхтар ДОСАЕВ,  
«Қаражанбасмұнай» АҚ технологиялық  
көлік департаментінің директоры

### Мүмкіндігі мен тиімділігі мол жоба

Компания жұмысшылардың қауіпсіздігіне баса назар аударады. Мұның барлығы қызметкерлер жұмысының сапасын бақылау үшін қолға алынған шара екендігін жақсы түсінеміз.

Арнаулы техникаларға қондырылған датчиктер арқылы автокөліктің орналасқан жері белгіленген карта көрсетіледі. Олқылықтар орын алған жағдайда, өндірістік техниканың қозғалысын басқаратын диспетчерлер жедел хабарлама алады. Сондай-ақ, кенішілік жолдар ішінде және кен орындары ішіндегі асфальт жолдарда геозоналар қойылды.

Сонымен қатар, жүйе жүргізушілер арасында жолда жүру мәдениетін арттыруға зор септігін тигізді. Өйткені, CityPoint жүйесі әрбір «қателікті» бірден байқап, хабарлап отырады. Мұның бәрі олардың күнделікті өмірінде де көмектеседі. Сол негізде жүйе арқылы автоматты түрде қауіпсіздік рейтингі жасақталып, үздік көлік жүргізушілерді ынталандыруға жол ашылды.

Мәлік ТӨРЕСАЕВ,  
«Ембімұнайгаз» АҚ көлік бөлімінің жетекшісі

### Тәжірибе алмасу жаңа мүмкіндіктерге жетелейді

Сапардан өзімізге жұмыс барысына қажетті көптеген мағлұматтар алдық. Жоба тиімділігін дәлелдеген. Барлық еншілес және тәуелді кәсіпорындарға дереу тарату үшін ауқымды жұмыстар жасау керек.

Біздің мекемеде 130-дан астам техника қызмет көрсетеді. Олардың басым көпшілігі – жеңіл автокөліктер. Өзге еншілес кәсіпорындарға қарағанда біздің компанияда барлық техникалар мердігер мекемелердің арқылы қызмет көрсетеді.

Біз де өндірісті басқару орталығы мониторлары арқылы көлік қызметтерін бақылап отырамыз. Дегенмен, мүмкіндіктері «Сапарларды басқару» жобасына қарағанда әлдеқайда төмен. Сондықтан, мердігер мекемелермен бірігіп, осы жобаны енгізу, бақылау сынды көптеген мәселелер туындауда. Ұлттық компания және еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментіміздің қызметкерлерімен ақылдасып, шешу жолдарын қарастырамыз.

Бір күн бойы ембілік кен алаңда болып, жұмыстың жүру барысымен толық таныстық. Барлығы жүйелі жүруде. Таныстырып, өз тәжірибелерімен бөліскен ембілік әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Бауыржан ЛӘТІП,  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпсіздік және  
еңбекті қорғау қызметінің басшысы





## ЕМБІЛІКТЕР ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЖАСТАРЫ БАС ҚОСҚАН ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ



**Жуырда «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры компаниялар тобының 35 жасқа дейінгі жас мамандарына арналған өзін-өзі дамыту челленджін бастаған болатын. 10 күнге созылған челлендждің басты мақсаты – қордың компаниялар тобында белсенді және ынталы жастарды және болашақ әлеуетті кәсіпкерлерді анықтау.**

«Ембімұнайгаз» АҚ-нан форумға жолдама алғандардың бірі келешектік даму және тәуекелдерді басқару департаментінің аналитигі Бибігүл ЕРНИЯЗОВА шарадан алған әсерімен бөлісті:

- Челленджде физикалық, эмоционалды және зияткерлік бағыттар бойынша күніне 5 түрлі тапсырма берілді. «Самұрық-Қазына» қорында 84 мыңнан астам жас маман қызмет атқарады екен. Оның ішінде, 2000-ға жуық жас маман челленджде қатысып, ішінен 178-і барлық тапсырмаларды толық, соңына дейін орындап, әрі қарай Түркістан қаласында өтетін жастар форумына жолдама алдық.

Форумға шақырту алған 178 қатысушының 22-сі – «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясына қарасты еншілес компаниялардың жас мамандары. Олардың

қатарында менімен бірге ембілік «Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірісті жедел басқару қызметінің 1-ші санатты инженер-технологы Жақсыкелді Жолдасқалиев, ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының инженер-технологы Ерлан Тасмағамбетов және ЕМГ басқару аппаратында қызмет ететін «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС-нің IT маманы Мақсұт Әбуғалиев болды.

Форумның алғашқы күні «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов жастарды құттықтап, жастармен бірге түрлі сайыстарға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті.

Келесі күні қатысушылар топтарға бөлініп, «Керуен сарайы» туристік кешеніндегі этно-ауылға барып, қазақтың салт-дәстүрлерін ұлықтауға бағытталған арнайы танымдық квест ойындарына қатысты. Шара ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталғандықтан, «шаңырағымыз биік болсын» деген мақсатпен киіз үй тігіп, ұлттық тағамдар дайындаудан жарыс болды. Тарихи-танымдық сұрақтарға жауап беріп, «Асық ату», «Теңге ілу», «Арқан тарту», «Садақ ату» сияқты ұлттық ойындарды ойнап, өзара сайысқа түстік.

Форумның екінші кезеңінде Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэштың ақыл-ой теориялық ойыны ойналды. Ойынды жүргізген – ICF коуч, «SKY» «SpartoPro» тұлғалық даму орталығының тренері Айдар Басурманов. Екі күн қызыққа толы тұлғалық дамудан кейін стратегиялық сессия басталды. 4 сағаттық сессияның нәтижесінде «Jas Samurq» жастарының логотипін, ұранын құрып, жас мамандарды біріктіретін құндылықтарды айқындап, ережелерді жасақтап, жастар саясатын дамыту бойынша стратегияны бекіттік.

Компаниямыздың екінші құндылығы саналатын дәл осы «Әр істі соңына дейін жеткіземіз» жастардың басын біріктірген ең үлкен құндылық болды. Тұлға ретінде қалыптасу үшін адам әрқашан 4 жақты: **физикалық, рухани, интеллектуалды, эмоционалды** дамып отыру керек. Форум барысында «Самұрық-Қазына» ұйымдастырушылары осы 4 дамуды



басты назарға алып, жастарды тұлға ретінде қалыптастыруды зор үлес қосты деп санаймын.

Форумның үшінші күнінде «Самұрық-Қазына» АҚ қызметкерлері компанияның қазіргі жұмыстары бойынша қысқаша презентация жасап, өздерінің жетістікке жету жолымен бөлісті. Кеш соңында Қорға қарасты 12 компанияның жас мамандары өнер көрсетіп, концерттік бағдарламаға ұласты.

Форумның төртінші күні арнайы шақыртылған қонақ, ережесіз жекпе-жекпен 3 дүркін әлем чемпионы Ардақ Назаровпен тағылымдық кездесу өтті.

Менің бірнеше ұсынысым «Самұрық-Қазына» - ның Жастар саясаты құжатының бір бөлігіне айналғанда орнымнан тұрып, қуанғаным бар. Демек, мүмкін емес нәрсе жоқ. Мүмкіндік айналамызда толып тұр, тек өзіңе деген сенімің жоғалмай, алға қарай жүре беру керек екен. Біз осы бір форумның қатысушы болғанымызға мақтанамыз.

Қазақстан жастарының басын біріктірген жоғары деңгейде форум ұйымдастырған «Самұрық-Қазына» Қорына алғысымыз шексіз. Әрі қарай алған білімімізбен, тәжірибелерімізбен бөлісіп, компаниямызда жастар саясатының дамуына өз үлесімізді қосатын боламыз. Жастар, алға!



**Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!**  
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



**WhatsApp: 8 771 002 68 95**

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz  
**Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы**  
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

**Ескерту:** Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы:**  
**Қоғаммен байланыс тобы**  
**Бас редактор: А. Ертлеуова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы – 3500 дана.**

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgp.kz  
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz  
И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgp.kz

**Баспахана:**

«Жаркын Ко» ЖШС  
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.  
Тел: +7(7172) 21-50-86.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**Г.Шарафетдинова** - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

**Қ.Қасымғалиев** - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Р.Тасмағамбетова** - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Т.Сәрсенов** - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Қ.Калидуллин** - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

**Ж.Мұқанғалиев** - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

**Ғ.Қаражанова** - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

**Ж.Дәуітов** - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.